құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсете отыра, ҚР Үкіметінің бекітілген 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізге ала, жергілікті бюджет көздерінен тегін ұйымдастырылады. Мектеп жанындағы лагерь 04.05-17.06.2024ж аралығында 1 маусымда жұмыс жасады, қамтылған оқушы саны - 23. Оның ішінде АӘК - 15, төтенше жағдайға тап болған отбасы балалары - 6. ЕК-тің шешімі бойынша - 2 оқушы. Мектеп жанындағы жазғы алаң I-IV маусымда жұмыс жасады. Барлығы 100 оқушы қамтылды. Әр маусымда 25 оқушыдан болды. Қала сыртындағы „Әсем" лагерінде 14 оқушы қазіргі таңда демалуда жатыр.

Келесі сурет бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Умарова А.С, Баймешова А.Т. сойлеп. „Қазіргі таңда елімізде „Мектепке жол" акциясы жүріп жатыр. Бұл акция 1 тамызда басталады. Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, оқу жылының басталуына дейінгі кезінде материалдық көмек көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмей қалуының алдын алу. Осы тұрғыда мектепте жұмыс тиісті жүргізілуде. „Jelken Foundation" қоры көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен отбасының бастауыш сыныптарында оқитын 30 балаға оқу құралдары салынған рюкзак түрінде көмек берді.

Мектебіміздің ата-аналары тарапынан демеушілік көрсеткендері де бар. Таңмағамбетова Гүлжұмыш Абдуллаевна 10 балаға мектеп формасын алып берді, Асанов Нұрлан Досатович - 3 балаға оқу құралдары салынған рюкзак берді. Қаланың мәслихат депутаты Қамитов Талғат Амангелдиевич 1 оқушыны толығымен киіндірді. „Мектепке жол" Республикалық қайырымдылық акциясы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

Сол кезде мектеп кітапханашысы Е.М. Актігінова баяндады. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2024 жылғы тамыз айының 7-сіндегі №22-122-4/53-И хатына сәйкес, Ақтөбе облысының білім басқармасы 2024-2025 оқу жылында білім алушыларды оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мақсатында мектеп кітапханашыларына ағымдағы жылдың 12 тамызынан бастап кітапхана қорын реттеп, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын бастап келесі іс-шараларды жүзеге асыруды міндеттеді. Осыған сәйкес „Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп" КММ-нде бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылды. Мектепте 63 бірлік комплектілі оқулықтар қамтамасыз етілді. 1-сынып, 2 сынып, 4-сынып (орыс), 5-сынып, 8-сынып, 9-сынып, 10, 11-сынып (орыс) - 100% оқулықпен қамтылды. Сонымен қатар 3 қазақ сыныбы - 10 дана, 4 қазақ сыныбына - 6 дана, 6 қазақ сыныбына - 7 дана, 11 қазақ ҒЖМ бағытына - 5 дана және 6 орыс сыныбына - 22 дана, 7 орыс сыныбына - 6 дана